ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А.Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: Алимхан Айдана Галимжанқызы

Таңдау пәні: Коркем еңбек

Сынып: 2 «С»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

АЛҒЫ СӨЗ

Білім берудің жалпы мақсаты жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. «Еңбекке баулу» – баланың шығармашылық қабілетін, қол моторикасын дамытатын пән. Ол оқушылардың ой-өрісін қалыптастырып, жаңа материалдарды өңдеудің қазіргі заманғы жұмыс үлгілерін жаңаша әдіспен орындауға мүмкіндік береді. Оқушылардың дербестігін, эстетикалық мәдениетін, төзімділігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушылардың өзіне сенімділігі артып, өз көзқарасын басқалармен салыстырып, рухани бәсекеге түсе алады.

Еңбекке баулу сабақтарында топ болып жұмыс істеу түрін қолданған жөн. Өйткені оқушыларды шағын топқа біріктіргенде әрбір оқушы жұмысқа қатысып:

– күрделілік деңгейін таңдай алады;
– ұжымда жұмыс істеуге үйренеді;
– қажет жағдайда топ мүшелері бір-біріне көмектеседі.

Сабақтың нәтижелі әрі қызықты болуы өте маңызды. Ол үшін оқытудың мақсаты мен міндеті, әдісі мен түрін анықтап алу қажет.

«Еңбекке баулу» пәнінің оқу бағдарламасы оқыту үдерісін оқушылардың пән бойынша білім мен біліктілікті саналы түрде меңгеруіне әлеуметтік мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағытталған.

Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушының өзін-өзі оқыту субьектісі және тұлға аралық қарым-қатынас субьектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

«Еңбекке баулу» пәні болашақ ұрпақтың бойында патриотизмді, рухани-адамгершілік және шығармашылық сезімдерін дамытуға бағытталған. Ұлттық қолөнер құндылықтарын жалғастырушы ретінде:

– ұлттық салт-дәстүрлерге деген құрмет сезімін;
– еңбекке баулу дағдыларын;
– шығармашылық әлеуетін,
– ұлттық қолөнер туралы ақпаратты іздеу, алу, талдау және пайдалануын;
– өзінің шығармашылық ізденісі арқылы өз ойларын білдіру және негіздеу дағдыларын қалыптастырады.

Осы бағдарламада оқушы өзінің шығармашылық идеяларын қоршаған ортаны білу мен түсінуіне, қазақ халқының қолданбалы қолөнерінің ою-өрнектер арқылы табиғат аясына саяхат жасау және табиғи материалдарды жинау, адам өміріндегі қағаздың маңызын білуі мен зерттелуі қамтылған.

Сабақта оқушылар еңбекке баулумен қатар көркем материалдардың техникалық жағынан қол жетімді алуан түрлілігімен танысады. Оқу бағдарламасының басым бөлігі практикалық, еңбекке баулу және шығармашылық жұмыстардан құралған.

Әр бөлімді меңгеру барысында оқушылардың жасаған жұмыстарын қорытындылап көрме ұйымдастырылады.

Еңбекке баулу пәні оқушылардың ойлау, көркемдік-технологиялық білімінің негізін, жеке тұлғалық қасиеттерінің дағдыларын және білім алуын қалыптастырады.

2-СЫНЫП «ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ПӘНІ БОЙЫНША

ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

Сағат саны : аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат

№	Күні	Тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Уақыты	Ескерту
1-тоқсан 8сағат						
МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ						
1		Табиғи материалдар құпиясы	2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау.	1	01.09.2026	
2		Табиғи материалдарды жинақтау	2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; 2.1.2.2 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай ажырату, қолданылу саласын анықтау.	1	08.09.2026	
3		Жапырақтардан гүлдер жинақтау, жасау	2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру; 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау.	1	15.09.2026	
4		Табиғи материалдардан композиция құрастыру	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау барысында ұлттық элементтердің түрлерін ажырату.	1	22.09.2026	
5		Фото жақтау дайындау	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау;	1	29.09.2026	

			2.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану.			
МЕНІҢ МЕКТЕБІМ						
6		Менің сыныбым	2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау; 2.1.2.2 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай ажырату, қолданылу саласын анықтау.	1	06.10.2026	
7		Кітапқа арналған бетбелгі дайындау	2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау.	1	13.10.2026	
8		Қаламсалғыш дайындау	2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау.	1	20.10.2026	
2-тоқсан 8 сағат						
МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ						
9		Ою-өрнек түрлері	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің қарапайым элементтерін қолдану.	1		

10		Туған өлке композициясы	2.2.1.2 сәндік-қолданбалы өнер элементтері бар бұйымдарды орындау тәсілдерін талдау; 2.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды тізбектеу және сақтау.	1		
11		Туған өлке гүлдері (қызғалдақ)	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу.	1		
12		Бәйтерек	2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау.	1		
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ						
13		Қысқы өрнек	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау.	1		
14		Аққала	2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау; 2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау.	1		
15		Жыл мезгілдері иллюстрациясы	2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау.	1		

16		Қар өрнектері	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау.	1		
3-тоқсан 10 сағат						
ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ						
17		Жапсырмалау түрлері	2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; 2.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды тізбектеу және сақтау.	1		
18		Адам бейнесін жапсырмалау	2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау; 2.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды тізбектеу және сақтау.	1		
19		Жіппен жапсырмалау. Доп	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру.	1		
20		Мүсін жасау. Футболшы	2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау; 2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру.	1		
САЛТ-ДӘСТҮР МЕН АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ						
21		Мүсін өнері және оның түрлері. Домбыра	2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру; 2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау.	1		

22		Сәндік-қолданбалы өнер	2.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау барысында ұлттық элементтердің түрлерін ажырату.	1		
23		Зергерлік бұйымдарды дайындау	2.2.2.1 үлгіні пайдаланып бұйымның бөлшектерін біріктіру; 2.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану.	1		
24–25		Киіз үй – қазақтың баспанасы	2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау; 2.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің қарапайым элементтерін қолдану.	2		
26		Ұлттық ыдыстар: табақ, кеселер	2.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің қарапайым элементтерін қолдану.	1		
4-тоқсан 8сағат						
ҒАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІ						
27		Су асты әлемі	2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау.	1		
28-29		Ғарыш әлемі	2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; 2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру.	2		
			ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ			
30		Жыл мезгілдері	2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау.	1		
31–32		Менің сүйікті жануарым	2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;	2		

			2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру.			
33-34		Құстар – біздің досымыз. Ұя	2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау; 2.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану.	2		

1. сабақ

Бөлім:	**Менің отбасым және достарым**	
Мұғалімнің Т.А.Ә.	Алимхан А.	
Күні:01.09.26		
Сынып:2С	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы	**Табиғи материалдар құпиясы**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	ғериал түрлерінің атауларын ажырату және ардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; ғериал қасиеттерінің сипаттамасын ұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, лемі) анықтау.	
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар үшін:** отбасы туралы түсініктері, жұмыс орнын ұйымдастыру және өз жұмысын жоспарлау дағдылары қалыптасқан. **Оқушылардың басым бөлігі:** табиғи материалдармен таныс, жұмыс істеудің тәсілдерін меңгерген. **Кейбір оқушылар**: дайын пішіндерді әсемдеуде түстік үйлесімді дұрыс таңдауды біледі.	

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
	Ұйымдастыру кезеңі. Жұмыс орнын дайындау.	Оқушылар мұғаліммен сәлемдеседі. Сабақта жоқ оқушыларды түгендейді.		
Жақсы көңіл күй орнату. 2–3 минут	**Жақсы көңіл күй орнату.** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.	Материалмен жұмыс жасаған кезде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Оқу құрал-жабдықтарын күтіп ұстап, сынып	Дұрыс жауап берген оқушыларға «гүл» смайлигін беру.	

	Кіп-кішкентай ағаштар, Су құйғанда өседі. Айтарымолұлам а, Көп жасасын бұл адам,	бөлмесінің тазалығын сақтау керектігін біледі.		



Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған. Ол кім? *(Ата)* **Жаңа сабақты түсіндіру**. Менің отбасым және достарым. Табиғи материалдар құпиясы. Презентация. Отбасының үлкені атаның көмегімен табиғи материалдар құпиясын ашамыз. **Өсімдіктер** – табиғаттың бір бөлігі. **Ағаш, бұта, жапырақтардың** пішіні мен түстері алуан түрлі. **Тұқым** – жаңа өсімдіктерге өнім береді. Шебердің әрбір жұмысына ағаш, бұта, жапырақ, тұқым, қиыршық тастар және т.б заттар материал бола алады.			«Табиғи материалдар құпиясы» презентациясы. 

Табиғи материалдардың ерекшеліктерін, неге ұқсайтынын, қандай заттар жасауға болатыны жөнінде сұрауға болады. **Қайшы, желім, ермексазбен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау.** **Қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережесін сақтау:** • Қайшыны орнына қой. • Қайшының жүзін ашық қалдырма. • Қайшымен ойнама. Қайшыны біреуге берерде сабымен ұсын. Өтпейтін және дұрыс бекітілмеген қайшыны қолданба.	Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай **«Смайликтер» әдісі** арқылы бағалайды. **Жарайсың!** **Жақсы!** **Талпын!** 	Ағаш бұтақтары, жапырақтар, жаңғақ бүрлері, жеміс тұқымдары, ермексаз. **Сілтеме:** https://experts.opiq.kz/kit/104/chapter/6402

Желіммен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережесін сақтау:

- Желімді ұқыпты қолдан.
- Желімді қылқаламмен жақ.

Желімді аузыңа, көзіңе, киіміңе тигізбе (көзіңе, аузыңа абайсызда желім тисе, тез арада сумен жуу керек).

Желіммен жұмыс істеп болған соң, қолыңды міндетті түрде жу.

Желіммен жұмыс істегенде үнемі майлық (салфетка) қолдан.

Ермексазбен (полимер балшықпен) жұмыс істегенде қауіпсіздік ережесін сақтау:

Ермексазбен жұмыс істеу үшін арнаулы орынға отыр.

Ермексазбен үстел үстін, киіміңді ластама.

- Ермексазды арнаулы қорапқа салып қой.

Ермексазбен (полимер балшықпен) үстел, киіміңді ластама, тақтайшаның үстіне қойып жұмыс істе.

Алдымен қолыңды майлықпен (салфеткамен) сүрт, содан кейін қолыңды жылы сумен сабындап жу да, сүлгімен сүрт.

Ермексазбен жұмыс істеп болған соң, жұмыс орныңды тазала.

Күзгі жапырақтардан қолөнердің барлық түрлерін жасауға және тіпті аралас техникада жұмыс жасауға болады.

Алдымен жапырақтарды кептіру керек. Мұны әртүрлі тәсілдермен жасауға

	болады, ең оңайы – жапырақтарды кітап парақтарының арасына бірнеше күнге қою. Мұғалім тәжірибелік жұмысты орындатады. Бағыт-бағдар береді, нұсқауын мысал ретінде көрсетеді. Кейбір оқушыларға көмек көрсетеді. Сұрақтарға жауап береді. Топта талдап,		

	талқылайды. Өз ойымен топтар арасында пікір алмасады.		
Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) бар оқушымен жұмыс. Сабақты бекіту	Геометриялық фигураларды ата! Жапырақтар қандай геометриялық фигураларға ұқсайды?	 Жапырақ пішіндерін ажыратады. 	
Рефлексия			**Дескриптор** Табиғи материалдарды ажырата алады; Табиғи материалдарды құрастыра алады; Қауіпсіздік ережелерін сақтайды; Түстерді ажырата біледі.

1. сабақ

Бөлім:	**Менің отбасым және достарым**	
Мұғалімнің Т.А.Ә.	Алимхан А.	
Күні:08.09.2026		
Сынып:2 С	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы	**Табиғи материалдарды жинақтау**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1. материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; 2. түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай ажырату, қолданылу саласын анықтау.	
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар үшін:** табиғи материалдар түрлерін ажырата алады. **Оқушылардың басым бөлігі:** табиғи материалдардың жыл мезгіліне сай өзгерістерін түсіндіре алады. **Кейбір оқушылар**: табиғи заттарды жинау және жұмысқа даярлау тәсілдерін біледі.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылар табиғи материалдарды жинау үшін далаға шығады. Өткен сабақты еске алу мақсатында: оқушылар дан қандай геометрия лық фигураларды білетінін сұрауға	Оқушылар сұрақтарға жауап береді: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш т.б.  	**Дескриптор** Табиғи материалдар	Табиғи материалдар

	болады. Геометриялық фигураға байланысты оқушылар 2 топқа бөлінеді. . топ дөңгелек (дөңгелек пішінді табиғи материалдар жинайды). . топ үшбұрыш (үшбұрыш пішінді материалдар жинайды). Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, топ мүшелерін біріктіру, топта жағымды ахуалды құру, жұмыс белсенділіктерін арттыру мақсатында бір-біріне көмектесіп, тапқан,		ды ажырата алады.	жиынтығы. Түрлі түсті

Сабақтың ортасы	жинаған табиғи материалдарын өз тобының пішініне сәйкес келмеген жағдайда бір-біріне ұсынады. Табиғи материалдарды неден алдық? Жапырақ, бұтақ, дәннен не дайындауға болады? Оқушылар өздерінің жинаған табиғи материалдарының ішіндегі жапырақтардың	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Жапырақ, дәндерден әртүрлі табиғи композициялар құрап жасауға болады.	Табиғи материалдардың пішіндерін айыра біледі. Қауіпсіздік ережелерін сақтайды.	жапырақтар, бұталар, бүршіктер, ермексаз т.б. **Сілтеме:** https://experts.opiq.kz/kit/104/chapter/6403

	түсі арқылы өздерінің серуенде жүрген көңіл күйі мен табиғи материалдардың жиналғанын, білімдерінің қаншалықты толыққанын білдіреді. **Жасыл жапырақ** – қызықты, табиғи материалдар толығымен жеткілікті. **Қызыл жапырақ** – орташа, табиғи материалдар көп табылмады. **Сары жапырақ** – көңілсіздік, материалдардың аз жиналуы. Бүгінгі сабақтан жақсы әсер алып, үйге көтеріңкі көңіл күймен қайтуға тілектеспін.	  		
Ерекше білім беру қажеттілі- гі (ЕБҚ)	**Туған жердің табиғаты, байлығы мен сұлулығы,**	Таратпа қағаздармен жұмыс жасайды. Сәйкестендіру тесті.		

бар оқушымен жұмыс. Сабақты бекіту	**адамға берген баға жетпес пайдасы, оны құрметтеу туралы кіріспе әңгіме:** – Айналамызға қарасақ бізді қоршап тұрған қандай керемет, ғажайып әлем – орман, өзен, теңіз, мұхит, тау, аспан, күн, жануарлар мен құстарды байқаймыз. Бұл –табиғат! Біздің өміріміз одан ажырамайды. Табиғат бізді қоректендіреді, киіндіреді. Ол жомарт және риясыз. Негізгі табиғи материалдардың қасиеттерін, қолөнерде әртүрлі материалдарды	Табиғи материалдар нешеге бөлінеді?	дәнді дақылдар, ағаш бүрлері, сүйекті ағаш, өсімдіктер тұқымы		
		Өсімдік материалдарына нелер жатады?	тас, ұлутас, құм		

	дұрыс қолдану үшін олардың қасиеттерін, өңдеудегі ерекшеліктерін білу керек. **Табиғи материалдарды қазіргі кезде 4 топқа бөледі.** Өсімдік материалдары (дәнді дақылдар, ағаш бүрлері, сүйекті ағаш, өсімдіктер тұқымы). 2. Жануар материалдары (сүйек, жүн, тері). Географиялық материалдар (тас, ұлутас, құм).	Географиялық материалдарға нелер жатады?	Түрлі қолөнер бұйымдарын жасау үшін	
		Табиғи материалдарды қайда қолданады?	Төрт түрге бөлінеді.	

Сабақтың соңы. Кері байланыс.	Пластмасс материалдар (целофан, пластмасс). **Сөзжұмбақ шешу.** . Үш төбесі бар, үш қабырғадан тұратын геометриялық фигура. . Қарама-қарсы қабырғалары тең болатын геометриялық фигура. . Төрт төбесі, төрт қабырғасы бар геометриялық фигура. 4. Бес қабырғасы бар геометриялық фигура. . Барлық қабырғалары тең болатын геометриялық фигура. Бүгінгі сабақта өсімдік материалы және ағаш бүрлерімен жұмыс жасау түрлерін үйренеміз. Олармен жұмыс жасау өте ыңғайлы. Бұл қолөнер бұйымдарын көптеген жылдар бойы сақтауға болады. Алдымен өзімізге қажетті бүрлерді жинап аламыз. Оларды құрғақ, жылы жерге қойып кептіріп алу қажет. Ағаш бүрлерімен түрлі жануарлар бейнелерін, шырша ойыншықтарын басқа да заттар жасауға болады.	Үшбұрыш, тік төртбұрыш, ромб, бесбұрыш, шаршы. Сөзжұмбақтың жауаптарына сәйкес табиғи материалдар түрлерін іріктейді. Ағаш бүрінен кірпі жасау. Керек заттар: ағаш бүрлері, ермексаз.  Кірпі жасау үшін нұсқауға сәйкес кезекпен жұмыс жасаймыз:

Дөңгелек, үшбұрышты материалдарды сұрыптап, бөле алады.	ермексаздан сүйірлендіре отырып, кірпінің тұмсығын жасаймыз; • оны ағаш бүріне бекітеміз; ермексаздың басқа түсінен тұмсығын, көзін, құлағын, табанын жасаймыз; • жұмыс дайын.

Рефлексия «Геометриялық фигуралар» әдісі Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.	Оқушылар сабақтан кейінгі көңіл күйлерін білдіреді. Жасыл – бәрі түсінікті. Қызыл – түсініксіз. Сары – сұрағым бар.

Бөлім:	**Менің отбасым және достарым**	
Мұғалімнің Т.А.Ә.	Алимхан А.	
Күні:29.09.26		
Сынып:2С	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы	**Фото жақтау дайындау**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; 2.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** Жұмыс орнын ұйымдастыру. «Достық торы» әдісі. Топ мүшелерін біріктіру, топта жағымды ахуалды құру, жұмыс белсенділіктерін арттыру. Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Жүргізуші тоқыма жіпті бір саусағына іліп алып, өзі қалаған қатысушыға жылы лебізін білдіріп лақтырады. Жаттығу осылай жалғасады. Соңында «достық торы» пайда болады. Бүгінгі сабақтан жақсы әсер	Сәлемдесу. Оқушылардың барлығы «достық торын» құруға қатысады.		

	алып, үйге көтеріңкі көңіл күймен қайтуға тілектеспін.			
Сабақтың ортасы	Оқушыларға суреттер салынған фото жақтау түрлері көрсетіледі. Бұл не деп ойлайсыздар? Не үшін керек? Кімнің үйінде бар? Отбасылық, ата-аналарыңның суреттері салынған фото жақтау бар ма? Фото жақтау деген не? Алғашқы фотографтар суреттерді сақтауды суретшілерден үйренген. Алғашқы фото жақтаулар ерте ғасырлардан пайда болған. Өте қымбат тастармен, әдемі көркем жазулармен, гүлдермен безендірілген. Безендіруге ерекше арнайы көңіл бөлінген. Қазіргі таңда цифрлық технология белең алып, фото жақтау көп	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.  	**Дескриптор** Құрастыру тәсілдерін біледі. Жинақтау бойынша өз ойын білдіре алады. Бұйымды безендіре алады.	**Сілтеме:** https://experts.opiq.kz/kit/104/chapter/6 407 Ағаш бұтасы, дәнді-да қыл, жаңғақ қабығы, ши өсімдігінің бұтасы.

	пайдаланылмай жүр. Алайда қолдан жасалған бұйымдар ерекше құрметке ие болады. Оны жасау үшін уақыт, шеберлік, ұқыптылық талап етіледі. **Тапсырма:** Бүгінгі сабақта өз қиялымызбен, шеберлігімізді қосып, ата-анамыздың немесе отбасылық суреттің фото жақтауын жасаймыз**.** Қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпаймыз. 30х40 өлшемдегі қатырма қағазды суретіміздің өлшеміне қарай ортасын өлшеп, дәлдеп кесеміз. Кесілген жақтау үлгісіне желімнің көмегімен қолда бар табиғи материалдарымызды орналастырамыз**.**	    Қолдарында бар табиғи материалдар мен әсемдік бұйымдарды пайдаланып, фото жақтау жасайды.		
Ерекше білім беру қажеттілі-гі (ЕБҚ) бар оқушымен жұмыс	Қатырма қағаздан керекті өлшемді қию. Қағаз түстерінен фото жақтауды көркемдеу.			Қатырма қағаз, түрлі түсті қағаз, желім.
Сабақты бекіту.	Фото жақтауды толық аяқтаған оқушылардың жұмыстарын мадақтау.		Оқушы жұмысын мадақтау, жақсы жұмыстарды	

Кері байланыс	Үлгере алмай жатқан оқушыларға көмек беру.	Оқушылар тамшыдағы аяқталмаған сөйлемдерді	көрмеге ұсыну.	

бүгінгі сабақтан алған әсерлері бойынша толықтырып, көңіл күйлерін білдіреді.